

Бекітемін:
«№8 облыстық арнайы санаториялық
мектеп- интернаты» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің директоры
_____ Е. К.Ақшалов

№8 облыстық арнайы санаториялық мектеп-интернатының
интернат меңгерушісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары

Интернат меңгерушісі

Қ.Айдарғазиева

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының

ЖОСПАРЫ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу - тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қыркүйекте № 24429 болып тіркелді

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасының жүзеге асырылуы:

2022-2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі тануын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары жүйесін білім беру ұйымының жалпы ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Жоспарды жүзеге асыруға мектептің күзет қызметі мен техникалық қызметкерлерінен бастап, мұғалімдер мен директордан аяқтап, барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, ата-аналар және басқалар өздері оқушыларға еліктеудің үлгісі бола отырып – зиянды әдеттерсіз, балаларға және бір-біріне мейірімді; қарым-қатынаста ашық және сынамайтын құндылықтар дарытады.

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім алушылардың рухани-адамгершілігін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарына оқу, сабақтан тыс және қоғамдық маңызды жұмыстарын ұйымдастыру жатады.

Білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (**сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.**) және ұлттық құндылықтар – (**тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр**) құрайды.

II.Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес **сегіз негізгі бағыт** бойынша жүзеге асырылады. Абайдың Толық адам рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларында айқындалған құндылықтар мен басымдылықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Қыркүйек айы

№	Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар мазмұны	Жауапты	Мерзімі
I-апта		1.2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарын құру, бекіту. 2. 1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты жиын өткізу «Мектебім- мейірім мекені» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізу. 1 – 9 сыныптар. 3.Жоспарлау жұмыстарына байланысты тәрбиешілерге кеңес беру.Тәрбиешілер бірлестігінің отырысы №1 4.Тәрбиеленушілерді интернат ережесімен таныстыру 5.«Қауіпсіз тәртіп ережелері» .«Абайлаңыз балақай». Ата – аналарға, жасөспірімдерге көшеде, мектепте, жолда, үйде, қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріп – тұруын, бейтаныс адамдармен қарым - қатынаста болмау туралы түсіндірме жүргізу	Интернат меңгерушісі Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер Интернат меңгерушісі ДТІЖО Сынып жетекшілер Тәрбиешілер	01 – 02.09 2022
II апта		1.«Ахмет Байтұрсынов – тіл білімінің атасы» 5 қыркүйек - Тілдер мерекесіне барлық топтарда тәрбие сағаттарын өткізу 2. «Мейірім» аналар мектебінің жұмыс жоспарын бекіту 4. «Көңілді үзілістер» еркін ойын әрекеттерін ұйымдастыру 5.Жаңадан келген оқушылардың тізімін алу,сұхбаттасу,пікірлесу	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер Омарова М Тәрбиешілер Интернат меңгерушісі	05 – 09. 09 2022

III апта		1. «Отбасы» күніне орай «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбында ата – аналарға арналған ашық есік күні 2. Топ белсенділерінің отырысын өткізу. 3 3.Тәрбиеленушілердің жеке бас тазалығы.	ДТІЖО Интернат меңгерушісі Орынбасарова Ж Медбике	12 - 16. 09 2022
IV апта		1. «Мейірім» аналар мектебінің мәжілісін өткізу өткізу 2.Жатын бөлме тазалықтарын тексеру 3. «Денсаулық - спорт кепілі» спорттық ойындар ұйымдастыру	Омарова М Интернат меңгерушісі Дәрігер Дене шын. мұғалімі Тәрбиешілер	19 – 23.09 2022
V апта		1. Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында тәрбиешілер апталығы 2.«Оқы және өзгеге сыйла» акция.«Кітаптар мекеніне қош келдің балақай!» Экскурсия. 1- сыныптар. 3. «Менің өмірлік ұстанымым» қыз балалармен аналар кеңесінің сұхбаты	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі Тәлімгер Ж.Сақтағанова	26 – 30.09 2022

Қазан айы

№	Жұмыстың бағыты	Іс-шаралар мазмұны	Жауапты	М
I апта		1. Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстазым -ұлағатым!» тақырыбында барлық топтарда тәрбие сағаттарын өткізу 2.«100 кітап» жобасы аясында «Жыл басына таласқан хайуанаттар» бастауыш сынып балаларымен жұмыс. 3. Тәрбиешілермен тәрбиеленушімен және ата-аналарымен қарым-қатынас жасау жолдары мен тәсілдері туралы пікірлесу 4.Тәрбиеленушілердің,бөлмелердің тазалықтарын тексеріп шығу	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер Кітапханашылар Тәрбиешілер Интернат меңгерушісі Интернат меңгерушісі Дәрігер	03 20
II апта		1.«Бабалар салған сара жол» тақырыбында тәлім – тәрбие апталығы аясында тәрбие сағаттарын өткізу Құрманғазы Сағырбаевтың 200 жылдығы, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығы, Қазыбек бидің 355 жылдығы 2. Тәрбиеленушілердің жеке бас тазалығы	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер	10 20
III апта		1. «Алтын күз - 2023» күз мерекесіне орай оқушылар арасында сайыс. 2. «Biz birgemiz» 18 – қазан «Рухани келісім, қайырымдылық, жақыныңа қол созу күні». Қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. 3.«Бір отбасы – бір кітап» отбасылық кітап оқу үлгісі	Пед. ұйымдастарушы. Тәлімгер Тәрбиешілер Әлеуметтік педагог. Кітапханашылар.	1 20

ІҮ апта		1. «Жасай бер, жайна, Қызылордам!» тақырыбында қала күніне орай іс - шара ұйымдастыру. Тәрбиешілер апталығы. 2.«Туған өлкем - Қызылорда!» кітап көрмесі. 3.«Несібелі» қыздар ұйымының отырысы №2 4.«Әлеуметтік желі», «Ұялы телефон» туралы, олардың балаларға пайдасы мен зияны жөнінде ата – аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 5. «Мен және менің балам» ата-аналармен сауалнама,әңгіме жүргізу 6.Тәрбиеленушілерді қауіпсіздік ережелерімен таныстырып,күзгі каникулдық демалысқа ата-аналарына табыстау	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі Кітапханашылар. Ұйым жетекшісі Әлеуметтік педагог. Психолог Тәрбиешілер Ж.Сақтағанова Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер	2
---------	--	---	--	---

Қараша айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
I апта	Күзгі каникул 31.10 – 06.11.2022			
II апта		1.Оқушылардың санитарлық – гигиеналық тазалығын сақтау мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу (күнделікті) 2. «Қауіпсіз жол», «Қауіпсіз тәртіп ережелері» жолда жүру ережелерін сақтау	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі Тәрбиешілер	07 – 11. 11. 2022

		3.Тәрбиешілер бірлестігінің отырысы. №2	Интернат меңгерушісі	
III апта		1. 19 қараша - Дүниежүзілік темекіге қарсы күніне байланысты «Салауаттылық – денсаулық кепілі», арнайы мамандармен кездесу ұйымдастыру. 2. «Мейірімділік – асыл қасиет» тақырыбында ізеттілік, мейірімділік туралы танымдық сабақ 4. «Балалар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында арнайы мамандармен кездесу 5. «Біз спортпен біргеміз!» спорттық сайыстар.	Мектеп дәрігері Тәрбиешілер Тәлімгер Психолог. Дене шын. мұғалімдері	14 – 18. 11. 2022
IV апта		1. Ашық есік күні: «Жетістік кілті үштікте: ұстаз, оқушы, ата-ана!» 2. Тәрбиеленушілердің жеке бас тазалығын тексеру 3. «Ақылды қыз білімге жүгірер» дөңгелек үстел	ДТДЖО Интернат меңгерушісі Мектеп дәрігері Сақтағанова Ж	21 – 25. 11. 2022
V апта		1. 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы – ел тірегі!» тақырыбында тәрбиешілер апталығы. 2.«Қазақ елінің рәміздері» танымдық сағат. 3.«1 – желтоқсан Дүниежүзілік СПИД – ке қарсы күрес» күніне байланысты «СПИД – ғасыр індеті» тақырыбында іс – шаралар өткізу. 4.Жатақханадағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі Кітапханашылар. Мектеп дәрігері Интернат меңгерушісі	28.11 – 02. 12. 2022

Желтоқсан айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
1	2	3	4	5
I апта		1. «Тәуелсіздікке – 31 жыл!» тақырыбында барлық топтарда тәрбие сағаттарын өткізу 2. «Мемлекеттік рәміздер – ел мәртебесі» дөнгелек үстел	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер	05 –09. 12. 2022
II апта		1.«Ұланымыз – Ұлы елдің» «Жас ұлан» ұйымына оқушыларды салтанатты түрде қабылдау. 2.«100 кітап» жобасы аясында тәрбиеленушілерімен жұмыс. «Ертегілер елінде»	Тәлімгер Тәрбиешілер	12 –15. 12. 2022

III апта		1.«Бар жақсымыз - балаларға» Балалар жылы аясында өткізілген іс – шараларды қорытындылау. 2.«Тазалық – денсаулық кепілі» жатын,тұрмыстық бөлмелердің тазалықтарын тексеру 3. «Менің отбасым-менің қуанышым» ата-аналарға арналған тренинг	Пед. ұйымдастарушы, музыка жетекшісі Интернат меңгерушісі Мектеп дәрігері Сақтағанова Ж	19 –23. 12. 2022
IV апта		1.«Қош келдің, Жаңа жыл» Жаңа жылдық мерекелік кешке оқушыларды дайындау және қатыстыру. «Ертеңгіліктер» (1-4 сыныптар) «Мерекелік сағат» (5-7 сыныптар) «Балмаскарад» (8-9 сыныптар) 2.Тәрбиеленушілерді қысқы каникулдағы қауіпсіздік ережелерімен таныстырып,ата-аналарына табыстау	ДТІЖО Интернат меңгерушісі Сынып жетекшілері Тәрбиешілер	26 –30. 12. 2022

Қаңтар айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
I апта	Қысқы каникул 31.12.2022 – 08.01.2023			
II апта		1.Оқушылар формасы, тазалығы, сабаққа қатысуы, талап ережелерінің орындалуын бақылау. <i>(күнделікті)</i> 2. «Қызықты каникул күндері» тәрбиеленушілермен әңгімелесу,эссе жаздыру 3.«Қызықты кино әлемі» киноға апару	ДТІЖО Интернат меңгерушісі Сынып жетекшілері Тәрбиешілер бірлестігі Тәрбиешілер Тәрбиешілер	09 – 13. 01. 2023

		4.Тәрбиешілер бірлестігінің отырысы №3	Бірлестік жетекшілері	
III апта		1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі орындары» тақырыбында тәрбиешілер бірлестігінің онкүндігі. 16 – 27. 01. 2023 2.«Ата қоныс – алтын мекен» тарихи және мәдени ескерткіштер мен музейлерге саяхат 3. Оқушылардың спорттық секцияларға және үйірмелерге қатысуын қадағалау, қалаған үйірмелеріне тарту.	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі Пед. ұйымдастарушы. Тәлімгер Әлеуметтік педагог, Психолог. Тәрбиешілер	16 – 20. 01. 2023
IV апта		1. «Қызға қырық үйден тыйым» (темекі шегу,ішімдік ішудің зияндылығы) дөңгелек үстел 2. Тәрбиешілер бірлестігінің отырысы. №3 3.Жатын бөлмелердің,тұрмыстық бөлмелердің санитарлық талаптарға сай болуын бақылау	Сақтағанова Ж Утембетова Г Сыздықова Р Нұрлыбаева З Интернат меңгерушісі Мектеп дәрігері	23 – 27. 01. 2023

Ақпан айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
I апта		1.«Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз тәртіп ережелері» Жастар арасында құқық бұзушылықтың және терроризмнің алдын алу аясында тәрбиеленушілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізу 2.«Террористер мен экстремистер жасөспірімдер мен жастарды өздерінің қылмыстық мақсаттары үшін қалай пайдалана алады» арнайы маман өкілдерімен кездесу. 3. «Тазалық-денсаулық кепілі» тәрбиеленушілердің жеке бас гигиенасының тазалығы	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер ДТІЖО ДШЖО Интернат меңгерушісі	30.01 – 03.02. 2023
II апта		1.«Мектептегі бір күн» жобасы аясында ата – аналармен және қоғамдық ұйым өкілдерінің қатысуымен ашық есік күнін өткізу	ДТІЖО Интернат меңгерушісі	06 – 10. 02. 2023

		3.Ашық тәрбие сағаты: «Мамандық таңдай білеміз бе?» (9 сыныптар)	Пед. ұйымдастарушы, тәлімгер, кітапханашылар, тәрбиешілер	
III апта		1.«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында арнайы маман өкілдерімен кездесу. 2. 15 – ақпан Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылуына орай еске алу салтанатты жиынын өткізу	Психолог Пед. ұйымдастарушы, тәлімгер	13 – 17. 02. 2023
IV апта		1. Тәрбиеленушілердің жеке бас тазалығын қарап шығу 2. Жатақханадағы қауіпсіздік ережелерін сақтау 3.Интернеттің пайдасы мен зияны 13-17.02	Мектеп дәрігері Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер	20 – 24.02. 2023

Наурыз айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
I апта		1. 1 – наурыз «Алғыс айту - күніне» орай тәрбиешілер апталығы. 2.«Батаменен ел көгерер» оқушылар арасында бата беру сайысы. Қойылым.	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі. Абаева Р Жусупова Қ	27.02 – 03. 03. 2023
II апта		1. 8- наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Адамзаттың асылы – ана деген» тақырыбында топтарда тәрбие сағаттарын ұйымдастыру 2.Тәрбиеленушілердің жеке бас тазалықтарын тексеру	Тәрбиешілер Мектеп дәрігері	06 – 10. 03. 2023

III апта		1. «Армысың, Өз наурыз!» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізу, тәрбиешілер апталығы. Театрландырылған көрініс 2.Тәрбиеленушілерді қауіпсіздік ережелерімен таныстырып,көктемгі каникулдық демалыстарына ата-аналарына тапсыру	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер	13 – 17. 03. 2023
IV апта	Көктемгі каникул 18 – 26.03.2023			
V апта		1.Тәрбиешілер бірлестігінің отырысы №4 2.«Табиғатты аялайық!» тақырыбындағы тәрбие сағаттары сағаты 3.Флешмоб: «Денсаулық – өз қолымызда»	Бірлестік жетекшілері Тәрбиешілер Пед. ұйымдастырушы, тәлімгер	27 – 31. 03. 2023

Сәуір айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
I апта		1 «Дені саудың – жаны сау» тақырыбында денсаулық апталығы. Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы мамандарымен кездесу. 2. «Спорт – денсаулық кепілі» оқушылар арасында спорттық сайыс. 3.«Денсаулық – байлықтан да қымбат»тәрбие сағаттарын өткізу 4. «Жасыл ел» қозғалысы аясында «Таза жатақхана ауласы» жас көшеттер отырғызу,тазалық жұмыстарын жүргізу	ДТІЖО Мектеп дәрігері Әлеуметтік педагог Дене шын. мұғалімдері, тәрбиешілер Тәрбиешілер Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер	03 – 07. 04. 2023
II апта		1.«12 сәуір - Ғарышкерлер күні» тәрбие сағаттарын өткізу 2.Жатақханадағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру 3.«Табиғат, таң қаламын тамашаңа» танымдық сабақ.	Тәрбиешілер Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер Бастауыш топ тәрбиешілер бірлестігі	10 – 14. 04. 2023

III апта		1.«Кітап - асыл қазына» 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күніне орай, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхана апталығын өткізу. 2.«Кітапты құрметтеймін» оқушылардың кітапқа деген құрметі ,челлендж ұйымдастыру 3.18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні. «Ескерткіштер сыр шертеді» Экскурсия	ДТГЖО. Кітапханашылар. Жоғары топ тәрбиешілер бірлестігі	17 – 21. 04 2023
IV апта		1.«1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні» «Ұлттар достығы» тақырыбында тәрбиешілер апталығы. Мерекелік кеш. 2.«Әдептілік-адалдық,адамгершілік бастауы» қыздар ұйымымен танымдық кездесу 3.«Ынтымақ – достық кепілі» челлендж ұйымдастыру	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер Сақтағанова Ж Утембетова Г Тәрбиешілер	24 – 28. 04. 2023

Мамыр айы

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Жұмыстың мазмұны	Жауапты	Мерзімі
I апта		1«Ер есімі – ел есінде» «7 мамыр - Отан қорғаушылар күні» мен 9 – мамыр «Ұлы Жеңіске - 78 жыл» толуына орай тәрбиешілер апталығы	Интернат меңгерушісі	02 - 05. 05. 2023
II апта		1. Ашық есік күні: 15 – мамыр Халықаралық «Отбасы» күніне орай «Мен және менің отбасым» тақырыбында іс – шара ұйымдастыру. 2.«Мен және менің отбасым» эссе жазу	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер бірлестігі	10 – 12. 05. 2023
III апта		1. «Ата- ананы сыйлау, құрметтеу – перзент парызы» Дөңгелек үстел 2 .Тәрбиешілер бірлестігінің отырысын өткізу.	Тәрбиешілер бірлестігі Интернат меңгерушісі	15 – 19. 05. 2023

ІҮ апта		1.Ата – ана тарапынан, оқушылардың жазғы демалысы кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтап, олардың бақылаусыз қалмауы жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 2.Соңғы қоңырау мерекесіне дайындық жұмыстарын жүргізу. 3. «Мейірім» аналар мектебінің,бірлестік жетекшілерінен жыл бойы атқарған жұмыстарының қорытындысын алу	Интернат меңгерушісі Тәрбиешілер Пед. ұйымдастарушы, тәлімгер. Интернат меңгерушісі	22 – 26. 05. 2023
Ү апта		1.«Сыңғырла, соңғы қоңырау!» тақырыбында соңғы қоңырау мерекесін өткізу 2.«Бақытты балалар – бейбіт елдің тірегі» 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мерекелік іс – шара.	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Пед. ұйымдастырушы, тәлімгер.	29 – 31. 05. 2023